

ШЖҚ "Жәнібек аудандық ауруханасы" МКК сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі қызметкерінің лауазымдық нұсқаулығы»

1. ШЖҚ "Жәнібек аудандық ауруханасы" МКК-да сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша ішкі құжаттарды әзірлеу»;
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс саласындағы стандарттар мен саясатты әзірлеу және өзектендіру;
3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша түсіндіру іс-шараларын жүргізу;
4. Мүдделер қақтығысын анықтау, мониторингілеу және реттеу бойынша шаралар қабылдау;
5. Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдар санатына жататын "Жәнібек аудандық ауруханасы" ШЖҚ МКК қызметкерлерінің заңға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтауы мәніне мониторинг жүргізу;
6. Корпоративтік этикалық құндылықтарды дамыту;
7. ШЖҚ "Жәнібек аудандық ауруханасы" МКК қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы Әдеп кодексін сақтауына;
8. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 "Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына сәйкес, азаматтық және бизнес-қоғамдастық институттарының өкілдерін тарта отырып, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу;
9. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу нәтижелері туралы ақпаратты жария ашуды қамтамасыз ету;
10. Сыбайлас жемқорлық немесе оған қатысу фактілері туралы өтініштер (шағымдар) негізінде қызметтік тексерулер жүргізу;
11. ШЖҚ " Жәнібек аудандық ауруханасы " МКК қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендету бойынша жұмысты үйлестіру»;
12. ШЖҚ " Жәнібек аудандық ауруханасы " МКК қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау жүргізу кезінде сыбайлас

жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға жәрдем көрсету»;

13. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамадағы, сыбайлас жемқорлыққа байланысты істер бойынша сот практикасындағы өзгерістерді мониторингтеу және талдау.

14. "Жәнібек аудандық ауруханасы" ШЖҚ МКК-мен жасалатын азаматтық-құқықтық шарттарға, оның ішінде сатып алудағы шарттарға шарт тараптарының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама нормаларын, Іскерлік этика мен парасаттылықты, адал бәсекелестік қағидаттарын міндетті сақтауын көздейтін ережелерді енгізуді қамтамасыз ету.

Құқықтары мен міндеттері:

1. Ұйымның ішкі құжаттарымен регламенттелген, бекітілген рәсімдер шеңберінде "Жәнібек аудандық ауруханасы" ШЖҚ МКК құрылымдық бөлімшелерінен ақпарат пен материалдарды, оның ішінде коммерциялық және қызметтік құпияны құрайтын ақпарат пен материалдарды сұрату және алу;
2. ШЖҚ "Жәнібек аудандық ауруханасы" МКК директорының немесе Бақылау кеңесінің қарауына компетентцияға қатысты мәселелерді енгізуге бастамашылық жасау.
3. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ҚР заңнамасын бұзушылықтар туралы келіп түскен хабарламалар бойынша қызметтік тексерулер жүргізуге бастамашылық жасау;
4. Мемлекеттік бағдарламалардың, нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуге және өз құзыреті шегінде оларды іске асыруға қатысу;
5. Олардың құзыретіне жататын мәселелер бойынша кеңестер ұйымдастыру және өткізу;
6. ШЖҚ "Жәнібек аудандық ауруханасы" МКК және оның үлестес тұлғалары туралы ақпараттың, сыбайлас жемқорлыққа қарсы кмплаенс-қызметінің функцияларын жүзеге асыру кезеңінде белгілі болған инсайдерлік ақпараттың құпиялылығын сақтау
7. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметіне жүгінген адамдардың сыбайлас жемқорлықтың, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс мәселелері бойынша корпоративтік этика кодексін және өзге де ішкі саясаттар мен рәсімдерді бұзудың ұсынылған немесе нақты фактілері бойынша құпиялылығын қамтамасыз етеді;

8. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнаманы бұзудың болуына немесе ықтимал мүмкіндігіне байланысты кез келген жағдайлар туралы ШЖҚ "Жәнібек аудандық ауруханасы" МКК директорын уақтылы хабардар ету;
9. Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де әрекеттерді жүзеге асыруға құқылы.

Танысты:

